

«Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектеп» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

Хаттама №1

Өткізілген күні: 18.09.2025 жыл

(жылы, күні, айы)

Қатысқандар: 153

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру. / Әлеуметтік ұстаз А.Ж.Бейсенбаева; Асхана менгерушісі Н.И.Тилимесов
2. Заң және тәртіп. /Ювеналды полиция қызметкері Шоқан Әйгерім Ілиясқызы
3. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары/ Мектеп психологтары М.К.Исекова, А.Е.Акишева
4. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін қамтамасыз ету қағидалары./Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.К.Рахметова
5. «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру. Ата-аналар комитеттерін трансформациялау./Н.К.Рахметова
6. «№1 қалалық емхана» МКҚК-ға қарасты мектептерде «АПВ-ға қарсы егу». / В.И.Рауш, С.А.Аппакова

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша асхана басшысы – Тилимесов Нұрлан Исламұлы және әлеуметтік ұстаз Бейсенбаева Ақнұр Жұмабекқызы сөз алды. Әлеуметтік ұстаз 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-4 сыныптардың 500ге жуық оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілгендігі және осы оқушылардың ішінде аз қамтылған отбасының балалары да бар екендігін, жалпы 0-11 сыныптарға асханаға тамақтану бойынша кесте құрылды, сол кестемен тамақтанулары қадағаланып отыратыны айтылды. Асхана мәзірімен таныстырып, қандай тағам үлгілері жасалатыны айтылды.

Екінші сұрақ бойынша «Заң мен тәртіп» тақырыбы ювеналды полиция қызметкері Шоқан Әйгерім Ілиясқызы сөз алды. Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын аулу бойынша статистикаға жүгініп, оның алдын алу жолдарын көрсетті. Заңға сүйене отырып, баптармен таныстырды. Сонымен қатар, зорлық-зомбылықтың құрбандары – отбасында, білім беру және қорғаншылық мекемелерінде (физикалық, жыныстық, психологиялық зорлық, кемсітушілік немесе қиянат жасаушылық, қамқорлықтың болмауы, дөрекі қарым- қатынас пен қанаушылық) жағдайға тап болған балалар. Зорлық – зомбылық түрлері, буллинг дегеніміз не, буллингтің белгілері жайында түсіндіріп, оның алдын алу жолдарын көрсетті.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп психологы 2025-2026 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс жоспары туралы ақпарат берді. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларымен таныстырып, негізгі мақсаттары мен міндеттері және бағыттары бойынша ата-аналарға ақпарат берілді. Мектеп психологтары оқушылармен келесі бағыттарда:

Бейімделу мәселесі бойынша 0/1, 4/5, 9/10 сыныптардағы оқушылар мен жаңадан келген оқушыларды психологиялық қолдау;

Эмоционалды-еріктік саладағы проблемалары бар оқушыларды психологиялық қолдау;

Оқуда қиындықтары бар оқушыларды психологиялық қолдау;

Дарынды балаларды психологиялық қолдау;

ҰБТ-ға, мемлекеттік емтихандарға дайындық кезеңінде оқушыларды психологиялық қолдау;

Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу жұмыстары;

Мектеп түлектеріне болашақ мамандықтарын таңдауға кеңес беру жұмыс жасайтындықтары туралы атап айтты.

Төртінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Рахметова Нұргүл Қабитқызы сөз алды. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектептің ішкі тәртіп ережелерімен мектеп формасы туралы таныстырды.

Мектебімізде:

☐ Турникет;

☐ 1 стационарлы және 5 (брелок) дабыл түймелері;

☐ 80 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Оның 51-і ішкі, 15-і сыртқы бейнебақылау. 16 бейнебақылау Департамент Полициясының орталық жүйесіне қосылған. Мектепте оқушылар өзара және үлкендер арасында рухани-адамгершілік нормаларын сақтайды. Адал, әрі өзінің және өзгенің ар-ождан қағидаларын биік ұстайды.

47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

14. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

15-1. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

2. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

13. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

20. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (қамқоршылық кеңесі, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылданады.

21. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.

Мектептің ішкі тәртібі мен мектеп формасына тоқатылып өтті. **Мектептің ішкі тәртібі:**

Сабақтар

Сабақтардың ұзақтығы 45 минут. Сабаққа мұғалім де, оқушы да кешікпей кіруге міндетті. Сабақ уақытында оқушыға да, мұғалімге де себепсіз сыныптан шығып, ұялы телефонмен сөйлесуге, асханаға баруға немесе басқа бір жұмыспен айналысуға қатаң тыйым салынады.

Оқушы денсаулығына байланысты неше күн сабақ босатса, сонша күнге дәрігердің анықтамасын сынып жетекшісіне мерзімінде кешіктірмей тапсыруға міндетті.

Жалпыға міндетті талаптар

Әр аптаның сейсенбі күндері бірінші сабақтың алдында «Сергіту сәттері» өтеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім беру ұйымдары үшін міндетті **мектеп формасына** қойылатын талаптарды бекітті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес аталған талаптар «Білім берудің зайырлы сипатын іске асыруға және орта білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында әлеуметтік, мүліктік және басқа да өзгешеліктердің белгілерін жоюға бағытталған».

Педагогтар мен қызметкерлер, оқушылар мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Орта білім беру ұйымында кез келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа – бас киімдері және т.б.) және кез келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынады.

1-11 сыныптардың барлық оқушылары мектеп формасын сақтауға міндетті, қыз балалар шаштарын өріп жүруге, ұл балалар классикалық шаш үлгісімен жүруге міндетті.

Оқушыларға тырнақ өсіруге, боянуға (көз, кірпік, қас, тырнақ, шаш т.б.), биік өкшелі туфли киюге, әртүрлі әшекейлер (білезіктер, сақина, ұзын қос сырғалар, пирсингтер және т.б. тағуға), мектепке ұялы телефон, смартфон сағат, құлаққап әкелуге тыйым салынады. Әкелген жағдайда сабақ уақытында пайдалануға болмайды. Оқушылардың ұялы телефондарына, смартфон сағаттарына, ақшаларына және бағалы заттарына мектеп әкімшілігі, қызметкерлер, мұғалімдер жауап бермейді.

Оқушылар кешкі сағат 22.00-де үйде болуға тиісті. Егер оқушылар арасында төбелес болса, ұрлық жасаса, темекі (насыбай, электронды темекі) шексе, кешкі уақытта алкогольді ішімдікпен ұсталса, **оқушы мектептен шығарылады.**

ҚР-ның мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес оқушылардың биология пәнінен теориялық білімін тәжірибеде қолдануға үйрету мақсатында жазғы уақытта мектеп жанындағы тәжірибелік алаң жұмыс істейді. Әр оқушы тәжірибе алаңында жазғы уақытта 1 апта жұмыс істеуге міндетті. Оқушылармен бірге арнайы кесте бойынша мұғалімдер де жұмыс істейді. Оқушылардың участокта жұмыс істеуін сынып жетекшісі қадағалайды. Тәжірибе алаңындағы жұмыстан оқушылар арнайы тізімі көрсетілген себептермен босатылады,

мұғалімдер тиісті құжатты тапсырған жағдайда дәлелді себептермен босатылады. Биология пәнінің мұғалімдері тәжірибенің арнайы жоспарын дайындайды, қыркүйек айында тәжірибе бойынша қорытынды конференция өткізеді. Мектептің ішкі тәртібі мен мектеп формасы туралы да толық ақпарат берілді.

Педагогикалық әдеп қағидалары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбы аясында ата-аналар қауымына 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы және Педагогикалық әдеп қағидаларына (2020 жылы 11 мамырдағы ҚР Білім және ғылым министрінің №190 бұйрығы) сәйкес және ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу ретінде бағаланады.

Бұл әрекет ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің баптары бойынша жауаптылыққа әкеп соғады (676-бап – жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, 677-бап – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы).

Бесінші сұрақ бойынша «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру. Ата-аналар комитеттерін трансформациялау» тақырыптары бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Ата-аналар комитеттерін трансформациялау

Ата-аналар комитетінің төрағасы қозғайтын негізгі мәселелер:

Баланың мінез-құлқы мен әдеттерін ерте кезеңнен қалыптастыру қажет. Балалардың бос уақыты дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда олар жағымсыз әрекеттерге бейім болуы мүмкін, сондықтан оны тиімді жоспарлау маңызды. Әлеуметтік желідегі мектеп туралы теріс пікірлер мектеп пен ата-ана арасындағы сенімді әлсіретуі мүмкін, сондықтан позитивті көзқарасты насихаттау қажет. Жас ата-аналар мектепке сын көзбен емес, мектеппен әріптестік тұрғысынан қарым-қатынас жасауы тиіс. Бірлескен әрекет мектепте достық пен сыйластық атмосферасын қалыптастырып, әр баланың болашағына негіз қалайды.

Қорытынды бөлімдегі негізгі мәселелер:

Мектеп комитетінің төрағасы мен мүшелерін сайлау

1. Төрайым: Жусупова Майгуль Нурлановна 9 «Ә»
2. Хатшы: Казбекова Дианна Ханатовна 4 «Б»
3. Мүшесі: Базылова Асем Багдатовна 5 «В»
4. Мүшесі: Усимбаева Индира Асылтаевна 7 «В»
5. Мүшесі: абишева дарина Оразбаевна 10 «В»

Қаулы:

1. Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың, әлемжеттіктің, буллингтің алдын алу жұмыстарын жүргізу.
2. Тегін ыстық тамақпен 1-4 сынып оқушыларын сапалы қамтамасыз ету.
3. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау.
4. Ұстаздар мен ата-аналар педагогикалық әдеп қағидаларын сақтап, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу.
5. Ата-аналар комитетінің жұмыстарын жандандыру.

Төрайым Жусупова М.Н. Жусупова М.Н.
Хатшы Казбекова Д.Х. Казбекова Д.Х.